




5 - ДӘРІС

**Метрологиялық қамтамасыз
етудің құқықтық негіздері
ҚР «Өлшем бірлігін қамтамасыз
ету туралы» Заңы**

Негізгі қарастырылатын мәселелер



- **1. Өлшеу бірыңғайлығының негізгі принциптері**
- **2. Мемлекеттік метрологиялық бақылау**
- **3. Өлшеу бірыңғайлығын қамтамасыз етудің ұйымдастыру негізі**

Өлшеу бірыңғайлығының негізгі принциптері



- **Өлшеу бірыңғайлығы дегеніміз өлшеу дәлдігі қажетті сенімділік ықтималдығына ие және өлшеу нәтижелері заңдастырылған өлшеу бірліктерімен көрсетілген өлшеу процесінің сипаттамасы**

Өлшеу бірыңғайлығының негізгі принциптері

- 1) физикалық шаманы міндетті түрде МЭ қолданып анықтау;
- 2) өлшеу бірліктерінің размерлері тікелей МЭ берілген және мемлекеттік бақылаудан өткен, заң жүзінде бекітілген ӨҚ қолдану;
- 3) тек заң жүзінде бекітілген физикалық шамалардың өлшем бірліктерін қолдану;
- 4) пайдаланудағы ӨҚ сипаттамаларына, анықталған уақыт аралығында міндетті жүйелік тексеруді қамтамасыз ету;

Өлшеу бірыңғайлығының негізгі принциптері


- 5) салыстырып тексеруден өткен (калибрленген) ӨҚ және тағайындалған өлшеу жүргізу әдістемелерін қолданғанда, кепілдікпен берілген қажетті өлшеу дәлдігін қамтамасыз ету;
- 6) қателіктерін міндетті бағалау шарты бойынша тағайындалған ықтималдықпен алынған өлшеу нәтижелерін пайдалану;
- 7) ӨҚ метрологиялық ережелер және сипаттамаларға сәйкестігін бақылауды қамтамасыз ету;
- 8) ӨҚ мемлекеттік және ведомстволық бақылауды қамтамасыз ету.



ҚР «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы

- **ҚР «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы 2000 жылы қабылданды**
- **Осы Заң қабылданғанға дейін метрология саласындағы нормалар заң жүзінде реттелмеген болатын**
- **Заңда мемлекеттік метрологиялық тексеру және мемлекеттік метрологиялық бақылау органдарының міндеттері анықталды, калибрлеудің жаңа ережелері бекітілді, ӨҚ сертификаттау ұғымы енгізілді**

Заңның негізгі мақсаттары



- 1) Қазақстан азаматтарының заңды құқықтары және мүдделерін, ҚР құқықтық тәртібі мен экономикасын ақиқатты емес және дәл емес өлшеу нәтижелерінің түрлі негативті салдарынан қорғауды жүзеге асыру;
- 2) дәлдігі кепілдікпен берілген өлшеу нәтижелері және шама бірліктерінің МЭ пайдалануды реттеу арқылы ғылымның, техниканың және экономиканың дамуына көмектесу. Өлшеу нәтижелері мемлекетте тағайындалған өлшем бірліктерімен берілуі тиіс;
- 3) халықаралық және кәсіпорынаралық қатынас пен байланыстың дамуы мен нығайуына мүмкіндік тудыру;
- 4) заңды және жеке тұлғалар жасап шығарған ӨҚ жасауға, пайдалануға, жөндеуге, сатуға және импорттауға қойылатын талаптарды реттеу;
- 5) ҚР өлшеу жүйелерін әлемдік тәжірибеге жақындату.

Занда негізгі ұғымдар заң жүзінде бекітілген



- 1) өлшеу бірыңғайлығы;
- 2) өлшеу құралдары;
- 3) шама бірлігінің эталоны;
- 4) шама бірлігінің мемлекеттік эталоны;
- 5) өлшеу бірыңғайлығын қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттар;
- 6) метрологиялық қызмет;
- 7) метрологиялық тексеру;
- 8) метрологиялық бақылау;
- 9) өлшеу құралдарын калибрлеу;
- 10) калибрлеу сертификаты.



ҚР «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы

- Заңда бекітілген барлық анықтамалар Халықаралық заңдастырылған метрологиялық ұйымның (МОЗМ) ресми терминологиясына негізделген



Заңның негізгі баптары

- 1) өлшеу бірыңғайлығын қамтамасыз ету мемлекеттік басқару органдары ұйымының құрылымы;
- 2) өлшеу бірыңғайлығын қамтамасыз ету нормативтік құжаттары;
- 3) тағайындалған физикалық шамалардың өлшем бірліктері және шама бірліктерінің мемлекеттік эталондары;
- 4) өлшеу құралдары;
- 5) өлшеу әдістері.



Қазақстандағы метрологияның ұйымдастыру негізі

- Метрологиялық қамтамасыздандыру қызметінің ұйымдастыру құрылымы:
ҚР индустрия және жаңа технологиялар министірлігі


Техникалық реттеу комитеті РМК «Қазақ метрология институты»

Метрологияның заңнамалық негізі – ҚР «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы, 2000 ж. 7 маусым

Метрологияның экономикалық негізі

- Мемлекеттік бюджет қоры өлшеу бірыңғайлығын қамтамасыз ету саласы бойынша Мемлекеттік бағдарламалар және Мемстандарт жұмысына жұмсалады
- Өздері жүргізетін жұмыстар :
 - 1. Өлшеу құралдарын (ӨҚ) салыстырып тексеру
 - 2. ӨҚ калибрлеу
 - 3. ӨҚ мемлекеттік сынақ
 - 4. Өлшеу жүргізу әдістемесін (МВИ) аттестаттау
 - 5. ӨҚ метрологиялық аттестаттау
 - 6. Құжаттарға метрологиялық сараптама жүргізу
 - 7. Метрология саласы бойынша мамандарды дайындау және олардың біліктілігін арттыру

Өлшеу бірыңғайлығын қамтамасыз етудің ұйымдастыру негізі




- 1. Уақыт және жиіліктің мемлекеттік қызметі**
- 2. Стандарт үлгілердің мемлекеттік қызметі**
- 3. Физикалық константалар туралы анықтама мәліметтерінің стандартының мемлекеттік қызметі**
- 4. Мемлекеттік басқару органдары және заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтері**
- 5. Мемлекеттік метрологиялық қызметке кіретін мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталық және метрологиялық қызметтің ведомствалық бөлімшелері**




Метрологиялық қызмет қарастыратын мәселелер

1. ҚР азаматтары мүдделері және экономикасын ақиқатты емес өлшеу нәтижелерінің салдарынан қорғау,
2. Материалдық және энергетикалық ресурстардың барлығын ақиқатты есеппен қамтамасыз ету,
3. Фундаменталдық зерттеулерді сенімді өлшеулермен қамтамасыз ету,
4. Ауруларды болжау және емдеуде өлшеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету,
5. Отандық және импортталған өнім мен қызметтің сапасы және қауіпсіздігін қамтамасыз ету,
6. Еңбек қауіпсіздігін және адамдар тұрмысын тексеруде өлшеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету,
7. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өлшеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету,
8. Қоршаған ортаны қорғауда өлшеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету.



Мемлекеттік метрологиялық қызметтің жұмыс бағдарламасы

- Өлшеу бірыңғайлығын қамтамасыз ету саясатын құру,**
- Шама бірліктерін тағайындау,**
- Шама бірліктерінің эталондық негізін кеңейту және жетілдіру,**
- ӨҚ өндіру, қолдану және жөндеу ретін анықтау,**
- Мемлекеттік метрологиялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу,**
- Метрология саласы бойынша ҚР министірліктер және ведомстволар іс-әрекеттерін бағыттау,**



Мемлекеттік метрологиялық қызметтің жұмыс бағдарламасы

- Метрология саласында зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру,
- Нормативтік құжаттарды жасау және бекіту ретін анықтау,
- Өлшеу құралдарының Мемлекеттік реестрін жүргізу,
- Метрология саласы бойынша мамандарды дайындау және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру,
- ҚР атынан халықаралық және аймақтық метрологиялық ұйымдарда өкілдік ету

Мемлекеттік метрологиялық бақылау

- Мемлекеттік метрологиялық бақылау –
ӨҚ өндіру, қолдану және қалпын
сақтауын, өлшеу жүргізу әдістемесін
қолдануды, метрологиялық нормаларды,
ережелерді және т.б. сақталуын
бақылайтын ҚР Мемстандартының іс-
әрекеті



Заңнамалық негізі

- ҚР «Техникалық реттеу туралы» Заңы,
- ҚР «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету» Заңы,
- ҚР «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Заңы,
- Әкімшілік кодекс,
- Азаматтық кодекс,
- Қылмыстық кодекс.

Мемлекеттік метрологиялық бақылаудың негізгі мәселелері

- ҚР территориясына әкелінетін өнімнің НҚ берілген міндетті талаптарға және сертификаттау ережелеріне сәйкестігін тексеру,
- Өнімді өндіру кезеңінде НҚ берілген міндетті талаптардың сақталуын тексеру,
- Жұмыстар жүргізу және халыққа қызмет көрсетуде НҚ берілген міндетті талаптардың сақталуын тексеру,
- Аккредиттелген сертификаттау органдары және сынақ зертханаларының іс-әрекеттеріне тексеру жүргізу,
- Сауда кәсіпорындарында НҚ берілген міндетті талаптарға және сертификаттау ережелерін бұзу жағдайларын тексеру,
- Пайдалануға және таратуға жарамсыз деп табылған өнім және тауарды қайта өңдеу немесе оларды жою бойынша комиссияларға қатысу.



Мемлекеттік метрологиялық тексеру және бақылау жүргізіледі

- 1) өлшеу құралдарына;
- 2) шамалар эталонына;
- 3) өлшеу жүргізу әдістеріне;
- 4) заңдастырылған метрологиямен бекітілген тауар сапасы және басқа да объектілерге.

Мемлекеттік метрологиялық тексеру және бақылау аймақтары

- 1) денсаулық сақтау;
- 2) ветеринарлық тәжірибе;
- 3) қоршаған ортаны қорғау;
- 4) сауда;
- 5) экономикалық агенттер арасындағы есептеулер;
- 6) мемлекет атқаратын есептеу операциялары;
- 7) мемлекеттің қорғаныс қабілеті;
- 8) геодезиялық жұмыстар;
- 9) гидрометеорологиялық жұмыстар;
- 10) банктік операциялар;
- 11) салық операциялары;
- 12) кедендік операциялар;
- 13) пошталық операциялар;
- 14) мемлекеттік тапсырыспен әкелінетін өнім;
- 15) өнім сапасының мемлекеттік стандарттардағы міндетті талаптарын орындауды тексеру және бақылау;
- 16) сот орындарының, прокуратура және мемлекеттік органдарының сұраулары бойынша жүргізілетін өлшеулер;
- 17) халықаралық және мемлекеттік деңгейдегі спорттық рекордтарды тіркеу.